

**ТАБЫСТЫ ӘКЕНІҢ ДАҒДЫЛАРЫ:
ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН СӘТІНЕН БАСТАП
БАЛАМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
ОРНАТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**



Әке мен нәрестенің арасындағы тығыз қарым-қатынас бала үшін ғана емес ер адам үшін де пайдалы. Сәбидің күтіміне алғашқы күннен араласқан әкелер ұлымен не қызымен жақын қарым-қатынас орната алған.

**БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ БЕЛСЕНДІЛІК
ТАНЫТҚАН ӘКЕЛЕРДІҢ ДЕНІ САУ, ӨМІРІНЕ
РИЗА, ҰЗАҚ ӨМІР СҮРІП, АЗ АУЫРҒАН.
ЕСІРТКІ МЕН АЛКОГОЛЬДІ СИРЕК
ПАЙДАЛАНАДЫ, СТРЕССКЕ АЗ ҰРЫНАДЫ,
БАҚЫТСЫЗДЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛУДЫ
СИРЕК, ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДЕ БЕЛСЕНДІ.**

Әкесінің қамқорлығы мен махаббатына бөленіп өскен балалар жиі оң нәтижелер көрсеткен: физикалық және психикалық денсаулығы мықты, үлгерімі жоғары, интеллектуалды және әлеуметтік дамыған дағдыларға ие, өзін өзі жоғары бағалайтын, мінез-құлқында кемшілік аз, стресске төзімді. Әкелері тәрбиесімен белсенді айналысатын жасөспірімдердің психикалық денсаулығы тұрақты, есірткі мен алкогольді шектен тыс пайдалануы сирек, қауіпсіз сексуалды мінез-құлыққа ие.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҢЫНДАҒЫ
ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ
ОТАБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
СЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ
КОМИССИЯ

Сәби дүниеге келе сала бала күтіміне ер адам қатар араласатын отбасыларда әйелдер өзін жайлы сезінеді, ер адам да психикалық тұрғыдан орнықты болады. Екеуінің де жұбайлық, оның ішінде сексуалдық қарым-қатынасқа көңілі толады.



«Ерлерге арналған нұсқаулық. Саналы әке және күйеу болу» (М. Жасқайрат, М. Қабакова, Ю. Лысенкова, С. Тәңірбергенов, Г. Әбуова, Е. Исмаилов, Е. Мұстафин, Қ. Мақан — Нұр-Сұлтан, 2020) кітабы негізінде құрастырылды.

Создано на основе книги «Руководство для мужчин. Как быть осозанным отцом и мужем» (Жасқайрат М., Қабакова М., Лысенкова Ю., Тәңірбергенов С., Әбуова Г., Исмаилов Е., Мұстафин Е., Мақан К. — Нұр-Сұлтан, 2020).